



ТҰРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№59
(2124)
Сәрсенбі
28 маусым
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды ұлық мереке – Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміз егемендік алғалы бері рухани құндылықтар қайта жаңғырып, дәстүрлі діннің өнегелі жолы дәріптелуде. Ынтымақты ту қылып ұстайтын біздің елімізде Құрбан айт елдік деңгейдегі мереке ретінде тойланып келеді.

Құрбан айт – сауапты істер жасайтын, құлшылық ететін қасиетті күндер ғана емес, ол адамдар арасында бауырмалдық орнатып, өзара достыққа, ынтымақтастыққа, сүйіспеншілікке шақыратын мереке.

Алланың ақ жолына адалдық пен таза көңілде бет бұрған болмысымыз бүгінде ұлттық ұлағатқа ұласты. Үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету секілді сыйластық арта түсті. Өткеннің өнегесін ұмытпай, тіріге үлгі ету, әруақты қадірлеу әрбір мұсылманның басты парызына айналды. Бұл біздің адамгершілік рухымыздың айбынды бейнесі.

Қадірлі ағайын!

Ұлттар мен діндердің өзара ынтымақтастығына жол ашатын, береке мен бірлікті, мейірім мен меймандостықты арттыратын Құрбан айт мейрамы қарсаңында береке-бірлік, бейбіт өмір, әр шаңыраққа игілік пен амандық тілеймін! Алла Тағала барлық дұға-тілектеріңізді, шалған құрбандықтарыңызды қабыл етсін! Баршамызға шапағат нұрын жаудырып, бүкіл ел болып бастаған игі істеріміздің жемісін көруге жазсын! Болашағымыз жарқын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Құрбан айт мейрамы құтты болсын!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

Мұхтар Оразбаев

Қадірлі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Құрметті сала ардагерлері!

Сіздерді 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Журналист болу – халыққа қызмет ету. Сондықтан да журналистика саласына артылар міндет пен жүк жеңіл емес. Себебі, қоғамдық сананың рухани жаңғыруы – журналистердің тың ізденістері мен тынымсыз еңбектерінің нәтижесінде жүзеге асатыны сөзсіз.

Мемлекетімізде баспасөз бен тележурналистика, ақпараттық сайттар заман талабына сай түрленіп, қоғамға қажетті маңызды ақпараттарды уақытылы таратып келеді. Елді игі іске жұмылдырып, берекені арттырып, татулықты нығайтуда билік пен халық арасында алтын көпір болып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қашанда жоғары.

Журналистика – қызығы мен қиындығы мол, зор жауапкершілікті қажет ететін кәсіп. Алаштың ардақты азаматы, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, һәм құлағы» деп айтқандай, осы салада қызмет етіп жүрген жергілікті ақпарат құралдарының еңбектері өлшеусіз. Сіздер аудандағы жаңалықтарды салмақты сөз, салиқалы пікірлеріңізбен жеткізіп, халықтың жүрегіне жол тауып келесіздер.

Қымбатты қаламгерлер!

Сіздерге еселі еңбектеріңіз үшін үлкен алғысымды білдіре отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық шабыт тілеймін. Қасиетті қаламның құдіреті шығармашылықтың шыңына көтеріп, абырой-беделдің биігіне асқақтатын.

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

Мұхтар Оразбаев

ЖАНАШЫРЫ ХАЛЫҚТЫҢ

Журналистер жанашыры лар.

халықтың, Журналистер бар ғылымнан ха-

Соларменен бар ғаламда жарық бардар,

күн. Келеңсіздік болып қалса алаңдар.

Ақпаратты дәл дөп басып жаза- Дер кезінде болған жайға қанығар,

тын, Тілшілерді жақсы көрер адамдар.

Тілшілердің ақиқаты анық шын. Әсем қалам, жазиралы далам бар,

Журналистер ақ қараны айырап, Әр саланы дөңгелетер мамандар,

Оңды істің ол жанынан табылар. Тілшілерге оң болсын деп

Баспасөзге болған жайды баян- мерекең,

дар, Құттықтайық бұл жандарды жа-

Қорықпайтын қайсар мінез жағы рандар!

бар. Газет-журналдарымыз өткен

Журналистпен мына қоғам күндерімізді еске алдыртып, бүгінгі

түзелер, мен болашаққа деген ой санамызды

Жіптіктей боп тай құлындай үнемі тазартып, жан сарайымызға

күзелер. рухани азық беретін ерекше

Бұл әлемде журналистер болма- құнды құрал. Осы құнды құралға тіл

са, бітіріп, көркемде мазмұнды, әсерлі

Бей-берекет тәртіпсіздік көбейер. хикаяттарды жазатын журнали-

Журналиспен көп мәселе стер. Журналистер мен баспасөз

шешілер, қызметкерлерінің төл мерекесі құтты

Ашкөздіктің жолы болмай кесілер. болсын! Оларға зор денсаулық,

Жариялаумен барлық шындық ұзақ ғұмыр, терең ой, ұшқыр қиял,

ашылып, қажымас қайрат, шалқар шабыт, от-

Адал жанның мәртебесін өсірер. бастарына бақыт пен қуаныш, бере-

Журналистің тіл байлығы мол бо- ке мен бірлік, жемісті еңбек тілей оты-

лар, рып, қаламдарыңыз мұқалмасын,

Қапияда өткірлікпен сөз табар. жазар жаңалықтарыңыз таусылма-

Жақсылыққа жан тәнімен сын дегім келеді.

құмартып, **Болатбек РСАЛЫ,**

Жамандыққа жаны қас боп табы- **Жанкент аулы**

ЖУРНАЛИСТ – КӨРЕГЕН ХАЛЫҚ

«Журналистер – шығарма жазуға, өлең көреген халық» деп шығаруға әуестігім болды. Осы мамандыққа халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов айтқандай қызығушылығым арта журналистика саласы билік пен халық ара- түсті. Алайда басқа сында алтын көпір бо- бойынша оқып бітірдім. Бірақ юлымды сала. Қазіргі іздегенім алдымнан сұрамай- ақ табылды. кезде жалған ақпараттар Қайнаған тіршілігі бар қоғамда саланың ортасына топ халыққа шынайы ақпарат ете түстім. Бұрынғы беретін де журнали- қызығушылығым қайта стер. Қиындығы мен оянып, әуестік ретінде қызығы қатар жүретін, мақалалар жаза баста- көп ізденісті талап ететін дым. Қазір әуесқойлығым бұл сала әрқашан халық өзімнің сүйікті жұмысыма игілігі үшін жұмыс айналды. Аллаға шүкір істейді. қазіргі таңда «Тұран-Қазалы» редакциясында

Журналистиканың түп негізін, мақсатын әдеби қызметкер болып түсінген адамнан ең жұмыс істеймін.

Әріптестерімді 28 маусым - Бұқаралық ақпарат құралдары түсінген адамнан ең жұмыс істеймін. маңызы да анық. Менің бұл мақалалар жаза баста- жүргеніме 1 жыл уақыт қызметкерлері күні болыпты. Өте кере- мерекесімен шын мет мамандықтардың жүректен құттықтаймын! бірі осы журналисти- Жазарымыз таусыл- ка саласы десем артық масын! айтқаным болмас. **Ұлпан ІБІРАШ,** **«Тұран-Қазалы»** Өзім кішкентайымнан

ТАЛАПТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Әр адам өзінің субъективтік құқығын немесе заңмен қорғалатын мүддесін сот арқылы қорғау үшін сотқа талап қою бере алады. Сотқа талап қоюмен жүгінбес бұрын сотқа берілетін талаптардың процессуалдық-құқықтық белгілерін ажыратып алған дұрыс.

Сонымен, талаптың негіздемесі – бұл талап қоюшының сотқа өз үндеуін негіздейтін мән-жайлар. Талап талаптары субъективтік азаматтық құқықтарынан пайда болады. Мысалы: меншік иесі өзінің жоғалған мүлкіне иеленуді қалпына келтіру туралы өзінің меншік құқығы бар екеніне сілтеме жасауы; өнертапқыш өзінің ойлап тапқан өнертабысын талап етуде өзінің интеллектуалды меншігіне сілтеме жасауы.

Талаптар мына негіздер бойынша жіктеледі:

- материалдық-құқықтық белгілер;
- процессуалдық-құқықтық белгілер.

Т а л а п т а р д ы ң процессуалдық-құқықтық белгісі бойынша жіктелуі талаптың мазмұны бойынша қалыптасқанын білдіреді, яғни талап қоюшы талабының сот арқылы қорғану түрі бойынша.

Талаптардың түрлерге бөлінуінің процессуалдық құқықтық жіктелу негізі арқылы талаптардың мазмұны танылады. Сондықтан осындай жіктелу негізі бойынша талаптарды үш түрге бөлуге болады:

- 1.ұйғару туралы талаптар;
- 2.мойындау туралы талаптар;
- 3.өзгертетін (құқық қатынастарын өзгертуге немесе тоқтатуға арналған) талаптар.

Ұйғару туралы талаптар немесе атқару талаптары дегеніміз бұл жауапкердің белгілі әрекеттер жасау немесе жасамауын соттан талап қоюшының сұрайтын талабы. Талап қоюшының соттан жауапкердің өз міндеттерін орындатуды сұрауы ұйғару талабы деп аталады (мысалы: талап қоюшы соттан жауапкерден қарызды төлеуі, пәтерді босатуы, келтірілген зардапты өтеуі). Осындай сотқа қойылған талаптар бойынша сот шешімдері негізінде атқару парақтары беріледі, сондықтан олар тағы атқару талаптары деп аталады.

Мойындау туралы талаптар бойынша талап қоюшы соттан белгілі құқық қатынасының бар немесе жоқтығын бекітуін сұрайды (мысалы, талап қоюшы белгілі бір әдебиет

шығармашылығына өзінің авторлық құқығын бекітуін сұрауы).

Өзгертетін талаптар материалдық құқықтық қатынастарын өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған. Әдетте азаматтық айналымның қатысушылары (жеке және заңды тұлғалар) соттың қатысуынсыз өз еркілерімен араларындағы құқық қатынастарын өзгертеді немесе тоқтатады, бірақ кейбір жағдайларда белгілі құқық қатынастары тек соттың бақылауымен ғана өзгертіледі немесе тоқтатылады. Мысалы, неке бұзу туралы (егер ортақ көмелетке толмаран бала немесе ортақ мүлкті бөлу жөнінде дау болса) талап бойынша.

Материалдық-құқықтық белгісі бойынша талаптардың жіктелуі келесі түрлерге бөлінеді: отбасылық, алименттік, тұрғын үй, жер құқықтық қатынастарынан пайда болатын және т.б.

Материалдық мағынада талап қою дегеніміз сотқа үндеу арқылы субъективтік азаматтық құқықты мәжбүрлеп жүзеге асыру құқығы, яғни сот арқылы субъективтік құқығын қорғауға құқық. Азаматтық процессте сот талап қоюшының талап қоюға (материалдық мағынада) құқығы бар не жоқтығын анықтайды.

Процессуалдық мағынада талап қою ұғымы дегеніміз дауды қарап, шешу үшін сотқа талап қою құқығы, яғни сот істі мәні бойынша шешу үшін сотқа тікелей талап арыз, арыз және шағым беру. Бұл нақты азаматтық құқықтық дау бойынша сот төрелігіне жүгіну құқығы.

Талап қою құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясымен (13-баптық 2-бөлігі, 75-бабы) бекітілген сот арқылы қорғану құқығының бір нысаны. Сотқа жүгіну арқылы құқықтарды қорғау құқығы азаматтық процеске қатысатын азаматтарға және ұйымдарға (АПК-ның 4-бабы), сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға (АПК-ның 57-таравы) тиесілі.

Ата Заңымыздың 13-бабында айшықталғандай, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Бұл ретте республикамыздың әрбір азаматының құқықтық тұрғыда сауатты болуы құқықтық мемлекет құру жолындағы талпынысымыз.

Дәурен ӘБДІҚАЛЫҚОВ,
Қазалы аудандық сотының төрағасы

ҚОҒАМДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАН ТУЫНДАЙТЫН ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

«Құқықтық қатынас» категориясы құқықтың жалпы теориясында негізгі, орталық категориялардың бірі болып табылады және адамдардың жүріс-тұрысына құқықтың қандай жолмен әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Құқықтық қатынас – бұл қатысушылары субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерді иеленетін, құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынас.

Қоғамдағы барлық қатынастар және нормативтік актілер құқықтық жүйе – саласына сәйкес бірнеше түрге бөлінеді: мемлекеттік, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, азаматтық-процессуалдық және т.б.

Құқықтық қатынастардың субъектілерінің жағдайларына қарай абсолюттік және салыстырмалы болып екіге бөліп қарастырылады. Абсолюттік түрде қатынастан туатын құқық бір жағындағы субъектіде болады, ал екінші жағындағы субъектісінде тек міндеттер болады. Бұл жағдай нормативтік актіде анық көрсетіледі. Мәселен, жеке меншіктің иесі құқықтық қатынаста болса, оның құқығын ешкім бұза алмайды және ол меншікке қатынастың субъектілері нышан келтірмеуге міндетті. Ал, салыстырмалы түрдегі қатынастардың субъектілерінің құқығы мен міндеттері бірдей болады. Құқықтық қатынастар қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі және ерекше түрі. Себебі бұл қатынастар толығымен құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылып, мемлекеттік статус, кепілдік алып, қоғамның дұрыс, прогрестік жол-

мен дамуын қамтамасыз етеді.

Қандай да болмасын құқықтық қатынастардан туындайтын істер бойынша іс жүргізудің басты мақсаты — осыған дейін бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау болып табылады. Осы мақсатта еліміздегі азаматтар мен заңды тұлғалардың өздерінің құқығын немесе заңды мүддесін қорғауды талап еткен арызы бойынша және заңда белгіленген реттерде басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды талап етіп, соттан өзіне алатын мемлекеттік басқару органдарының, мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жеке азаматтардың арызы бойынша азаматтық істерді қарап шешеді.

Бұл ретте, сот азаматтық істерді қарау және шешу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы конституциялық заңдарының, осы Кодекстің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолданылуға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті.

Азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырудың тәртібін реттейтін құқық нормаларын мәжбүрлеп орындату тәртібі азаматтық іс жүргізу құқығы деп аталады. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні азаматтық істерді қарау және шешу барысында, сондай-ақ сот шешімдерін орындауға байланысты сот пен процеске қатысушылардың арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды құрайды.

С.М.БЕРТАЙ,
Қазалы аудандық сотының судьясы

ЖОРТЫП ЖҮРЕТІН ЖОЛАУШЫ

Елімізде кәсіби мерекелер көп. Соның бірі де, бірегейі – журналистер күні.

Журналистер қауымын төртінші билік өкілдері дейді. Оның да айтылуының өзіндік орны бар. Қай заманда да қолына қалам ұстаған сала өкілдерінің беделі жоғары.

Қазақстанда журналистика саласы қарқынды дамып келеді. «Жарқын болашақтың қамын саясаткерлер, өткен дәуірді - тарихшылар, бүгінгіні - журналистер ойлайды» деген қағида да көп жайтты білдіреді. Бұл күнде журналистердің белсенді және жауапты қимылы болмайынша, баспасөз бен биліктің қарым-қатынасы тұрақты дамымайынша ел арасында қоғамдық пікір, азаматтық ұстаным қалыптаспайтынын уақыттың өзі айқын дәлелдеп отыр.

Бұл журналистер қауымының ғана мейрамы емес. Бұл - оқырман мен тыңдарманның да, пікір алмасушының, бағыт сілтеушінің де мейрамы. Жалпы БАҚ арқылы қоғамдық көзқарас қалыптасады. Қоғамда орын алған оқиғаларды адал, әділ, қалтқысыз сипаттау бұқаралық ақпарат құралдарының басты парызы екені түсінікті.

Қалам ұшынан шыққан сөз қоғамды қозғайды. Осындай қуатты күшке ие болып отырған барша журналистер қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, қаламдарыңыз қарымды болсын деп тілеймін.

Шәрбану ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ,
«Тұран - Қазалы» газетінің штаттан тыс тілшісі

ҚҰРБАН АЙТ

Құрбан айттың алғашқы күні.
Құрбан айт – үлкен мереке.
Хадистерде жылдың ең қадірлі күні құрбан айттың алғашқы күні екендігі айтылған.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жайында: «Алла Тағала үшін күндердің ішіндегі ең абзалы – Құрбан айттың бірінші және екінші күні» - деген.

Құрбан айттың бірінші күнінің артықшылығы мен ерекшелігі. Сол күні Алла тағаланың разылығына бөленуге сеп болатын ең маңызды амалдың істелетіндігінде.

Алла Елшісі (с.ғ.с.) «Алла үшін (құрбандық ретінде) қан шығарудан ұнамды іс жоқ. Және ол (құрбан) қиямет күні алдыңнан шығады», -десе, тағы бірде:

«Адам баласы құрбан айт күні қан шығарудан (құрбан шалудан) артық амал арқылы Алла Тағалаға жақын болған емес.

Құрбандық ретінде шалған малы қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді.

Ағызылған қан жерге тамбай тұрып Алла Тағаланың құзырында ерекше жоғары дәрежеге жетеді.

Сондықтан да шын жүректен әрі ризашылықпен құрбандықтарыңды шалыңдар, - деп құрбандық шалудың қаншалықты сауапты іс екенін шегелеп айтқан.

Құрбан айт мерекесін қалай атап өтеміз?

Жақсылап ғұсыл құйылғаннан (денені толықтай жуу) кейін әдемі, таза киімдерін киіп, үстіне хош иіссу сеуіп, мешітке айт намазына бару – мұстахаб (жақсы амалдарға жатады).

Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу міндеттелген жандар құрбандықтарын шалып, етін тиісті адамдарға таратады.

Айт күні мұсылмандар

көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын» айтысады.

Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, кешірімді болуға тырысу керек.

Ренжіскен кісілер табысқаны жөн.

Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім, жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады.

Бұған қоса әке-шешесіне, отбасындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кіші-гірім болса да сәлем-сауқат, сый-сияпат жасап айт мейрамын ерекше өткізуге тырысу құптарлық іс.

Айтта осындай амалдарды жасау адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншіліктері мен сыйластықтарын барынша арттырады.

Құрбандыққа мал шалу тәртібі. Құрбан шалатын адам мұсылман азат, мұқим болу, сондай-ақ шариғат бойынша бай саналатын жағдайға ие болуы шарт.

Бұл үш күн қатарынан тойланатын Ұлық Айт кезінде, әлемдегі мұсылман қауымы Алланың ақ жолына бағыштап құрбандық шалады, ата-бабаларының әруақтарына құран оқытады, бір-бірлеріне ізгі тілектер тілейді.

Құрбандық малдың жол-жоралғысы әрбір мұсылманның ниетіне, жағдайына қарай жасалады.

Малдың адал және семіз болуы шарт. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде «Құрбандықтарыңды таңдап, семізінен сойыңдар,

сират көпірінде сол малға мініп өтесіндер» - делінген.

Құрбандыққа – қой бір жасын толтыруы керек немесе бір жасындағыдай семіз, сегіз-тоғыз айлық болса бір кісіге жарайды.

Ешкі бір жасын толтыруы шарт, бір кісіге болады. Сиыр екі жасын толтыруы шарт, бұл жеті кісіге дейін жарайды. Түйе бес жасын толтыруы шарт, жеті кісіге дейін жарайды.

Ал бір немесе екі көзі соқыр, ақсақ, арық, құлағы мен құйрығы туғанда жоқ болса, құлағының жартысынан көбірегі кесілген болса, тісінің жартысы жоқ, емшектерінің басы түскен болса және тауық, үйрек, қаз, қоян сияқты жануарларды құрбандыққа шалуға болмайды.

Құрбандықтың уақыты айт күнінің таңында басталады, содан айттың үшінші күні күн батарға дейін жалғасады.

Яғни, мешіті бар жерлерде айт намаздары оқылуы бойынша құрбандықты шалған дұрыс.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кім айт намазынан бұрын мал шалса, оның орнына қайтадан мал шалсын. Ал кім намаздан соң мал шалса, оның құрбандығы қабыл болды және ол мұсылмандардың сүндетіне дөп келеді», -деген.

Малды жақсы бауыздай білсе, құрбандықты иесі өзі шалғаны мұстахаб болады.

Егер қолынан келмесе білетін біреуге шалдырсын. Алайда құрбандық иесі басында тұруы қажет.

Құрбандықты күндіз шалғаны мұстахаб, ал себепсіз түнде шалу мәкруһ болады.

Құрбандық шалуға шама-сы келетін әрбір мұсылманға уәжіп және оның жол сапарда болмауы шарт.

Құрбандыққа шалатын мал құбылаға қаратылып арнаулы дұға оқылады.

Үш мәрте тәкбир айтылады.

Былайша ниет етіледі: «Иә, Раббым! Бұл пенденің саған қарсы келіп, қателік жасаған кезі болса, назалы да наразы сөзі болса, соның бәрін кешіре гөр.

Өзімнің мына ақ адал малымды құрбандыққа шалғалы тұрмын.

Қабыл ала гөр Раббым». Бисмиллаһи Аллаһу Акбар!

Құрбандыққа шалған малды баузыдап болған соң екі рәқағат нәпіл намазын оқу керек.

Құрбанға шалынған малдың еті үшке бөлінеді, бір бөлігі үй ішінің напақасы, екінші бөлігі дос-жарандар, меймандар зияпатына, үшіншісі пақыр, мұқтаждарға садақа үшін беріледі. Бәрін таратса да болады.

Сойылған малдың терісін жоқ-жітікке садақа ету немесе сатылған ақшасын садақа еткен дұрыс.

Мұсылман бауырлар!

Аудандық, кенттік, қалалық және ауылдық мешіттерде 2023 жылдың 28-ші маусым күні таңертеңгі сағат 6-00-де айт намазы (құрбан айт намазы) оқылады.

Яғни осы күнгі таңертеңгі сағат 6-30-да құрбандық малы шалынады.

Ұлық мейрам-құрбан айттарыңыз, ниеттеріңіз қабыл болсын, мұсылман бауырлар!

**Нәби НҰРДӘУЛЕТ,
Қазалы аудандық орталық
«Жанқожа батыр»
мешітінің бас имамы**

ГАЗЕТ ОҚУ – ЗИЯЛЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Газет–қалың бұқараны ұйымдастыру мен тәрбиелеудің, халықтың пікірін қалыптастырудың пәрменді құралы. Ертең-баспасөз қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Қазіргі таңда елдің аузындағы беделді басылымға айналып отырған әрбір баспасөздің, әрбір шығарылымын асыға күтеміз. Себебі, онда жаңалықтарға толы құнды-құнды дүниелер жарияланып, қоғамда болып жатқан барлық оқиғаларға шығармашылық ұжымы кәсіби тұрғыда мән беріп, оқырманға тұщымды, өткір сынды мақалалар да жарық көріп тұрады. Кез-келген адам еш қиындықсыз сол өзінің іздеген өңір жаңалықтарын таба алады. Заман талабына сай озық үлгілермен жабдықталған басылым-аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің өзіндік орны ерекше. «Тұран-Қазалы» газеті-

аймағымыздағы өзіндік өрелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған қалың оқырманы қалыптасқан басылымдардың бірі. Оқырмандарға өңірдегі жасампаз істерге толы шежіресін қалыптастырып, жас ұрпақ тәрбиесі, ана мен бала, халықтың экономикалық жағдайы туралы, ұлыларды ұлықтап, халықтың көңілінен шығып келеді. Газет ұжымы сан түрлі тақырыптарда қалам тербеп, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, ұйымшылдықпен абыройлы істерді атқарып келеді. Редакция қызметкерлерінің жұмысының жемісі екені тайға таңба басқандай атап айтып кетуге болады. Тәуелсіз елдің ұрпағының бағытын дұрыс таңдау жолында газет, журналдың өзіндік орны бар екенін ұмытпаған жөн. Газет оқу бұл – зиялылықтың белгісі. Білесіз дүние жүзі толған

халық,
Олардың арасында бар көп парық.
Алты айлық алыс сапар аралары,
Тұрады бір-бірінен хабар алып.
Шашатын сол хабарды газет-журнал
Хал-жайын, шаруаларын түгел жазып.
Жетеді күн батысқа жұмасында
Оқиға күн шығыста болған анық.
Бар жұрттың күзетшісі, көз-құлағы,
Айнадай оқушыға бәрі жарық.
Болса егер қауіп-қатер, жау менен жұт
Білгізер күні бұрын еске салып.
Болмаса газет-журнал білу қиын,
Көзімен көре алар ма һәр кім барып.

Жылында төрт-бес теңге төлеп тұрсаң,
Кісіден сұрамай-ақ болдың қанық.
Қимасаң аз нәрсені, өз пайдаңа,
Есігі өнер-білім саған жабық.
Дүниені жүріп көрмей, естіп білмей,
Жатасың ішің пыспай үйде неғып?
Баспасөз беттеріндегі мақалалар өзіндік орны ой салады.
Төртінші биліктің төрінен орын алып жүрген баспасөз қызметкерлерін кәсіби мерекелеріңізбен құттықтап, ойларыңыз салиқалы да салмақты, қаламдарыңыз қарымды да шабытты болып, Тәуелсіздікті нығайту жолындағы еңбектеріңіз жана берсін демекпін.
**Гүлшаһар ӘЙМІШОВА,
№276 орта мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары**

ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ, ЖҰҚПАЛЫ ІШЕК АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ас - адамның арқауы. Ас ішу біздің жасушаларымыз бен тіңдерімізді жаңартуға мүмкіндік береді. Тағамнан, яғни астан улану - тағам арқылы берілетін этиологиясы сан алуан кеселдер тобына жатады. Тағамнан уланулар – бұл табиғаты микробты және микробсыз болып бөлінетін, ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын қарым-қатынас арқылы жұқпайтын ауру болып есептеледі. Астан уланудың көптеген себептері болуы мүмкін. Сондықтан азық-түліктерді сатып алғанда, сақтаған кезде және дайындаған мезетте алдын алу шараларын орындау қажет. Аталған астан улану мәселесі әсіресе, жыл мезгілінің жылы уақыттарында маңызды болып саналады. Жазда азық-түлік өнімдерінің ластануынан үлкен қауіп төнері анық.

Уланудың тағы бір себептері – тағамды дұрыс температурада сақтамау, немесе бүлінген тағамның келесі тағамды ластануы болып жатады. Астан уланудың сипаттары жеңіл және ауыр жағдайда тағамды қолданғаннан кейін бірнеше сағаттан кейін немесе бірден пайда болуы мүмкін. Уланудың сипаттары: жүрек айну, құсу, бас ауру, іштің өтуі және асқазанның батып ауыруы. Азық-түлікті сатып алудан бастап оны қолдануға дейінгі алдын-алу шаралары тағамнан улануды біршама деңгейде болдырмауға көмектеседі. Азық-түлікті қайдан сатып алсаңыз да сатушы оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Сондықтан азық-түлік өнімдерін сатып алған кезде төмендегі жағдайларға назар аударыңыздар бүлінген қаптамадағы азық-түліктер, соғылған көкөністер мен жемістер, жарылған жұмыртқалар тез арада бүлінеді. Сонымен қатар азық-түліктің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзіміне қараңыз. Азық-

түліктің сапасына (дәміне, иісіне және сыртқы қалпына) назар аударыңыз. Улануды болдырмаудың бірнеше қарапайым ғана жолдары бар: тамаққа дейін қолды жуу, тамақ дайындар алдында және тамақ ішкеннен соң қолды жуу, азық-түліктерді қажетті жағдайда сақтау, көкөністер мен жемістерді қолданар алдында міндетті түрде жуу. Сонымен қатар, егер сіз азық-түліктің сапасына күмәніңіз болса, оны қолданудан бас тартыңыз.

Сондай - ақ тағамнан уланудың алдын алу шаралары төмендегідей:

- тағам дайындау технологиясы режимінде, дайындалуында, сақталуында, тасымалдануында санитариялық-гигиеналық талаптардың қатаң орындалуы;

- тез бұзылатын тағам түрлерін тоңазытқышта сақтау және тағамның бетін ашық қалдырмау;

- консервирлердің жарамдылық мерзіміне назар аудару, ісінген (бомбаждалған) болса пайдаланбау;

- азық-түлік өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және сату жағдайлары бойынша санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау;

- сүт өнімдерін рұқсатсыз сауда орындарындағы белгісіз тұлғалардан алмау

- шикі сүтті пайдаланар алдында міндетті түрде қайнату;

- үй жағдайында консервирленген салаттарды, саңырауқұлақтарды, көкөністерді сатып алмау;

Салауатты өмір салтын сақтап жүрейік! Тағамнан уланудың алдын алу шараларын қатаң сақтап, ауырмаудың жолын іздеу өз қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар! Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік!

Г. ОРАЗ,

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маман

● Хабарландыру

«Жалаңтөс батыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өтетіндігін хабарлайды. Жиналыс Жалаңтөс батыр ауылында 2023 жылы шілде айының 28-не сағат 11-00 де өткізіледі.

Жиналыста қаралатын мәселе:

1) «Жалаңтөс батыр» ЖШС-гі «ҚазАгроФинанс» АҚ-ы арқылы лизингке техника алуға келісім алу.

Жиналыс өткізілетін орын: Жалаңтөс батыр ауылы

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ

Өрт-бұл әрқашанда қасірет. Алайда, өрт болған жағдайда мінез-құлықтың қарапайым ережелерін біредей біле бермейді. Тіпті 101 өрт сөндіру қызметінің нөмірі дүрбелеңмен ұмытылады. Қиын жағдайда Сізге көмектесетін бірнеше қарапайым кеңестердің бірі ешқашан дүрбелең болмаңыз!

Бірінші кезекте тұрғын үй секторындағы өрттердің туындауының негізгі себептері мыналар екенін білу қажет:

- отпен байқамай әрекет қылу (темеки шегу, от жағу және т.б.);

- электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электрлік жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс жасауы, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу);

- пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы;

- балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және т.б. сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнау);

- өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:

- шұғыл «101» немесе «112» теле-

фондарына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз;

- өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз;

- өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

- тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарап, 3 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

- тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

- үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

- жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

- әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

БАЛАЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ АЛАҢДАТАДЫ

Қазалы қаласының тұрғынымын. Балаларым №17 қазақ орта мектебінде оқиды. 4 немерем бар. Мен і балалардың болашағы қатты алаңдатады. Балалардың болашағы үшін жұдырықтай жұмылып, жұмыс істейтін кезең туды. Балалар телефонды үздіксіз көреді. Оның зияны бар.

Атамыз қазақ баласын еңбекті сүйеге, өнерлі, білімді болуға тәрбиелеген. Себебі, баланы еңбекке баулу – өмірге баулудың ең алғашқы баспалдағы.

Кейбір ата-аналар «Менің баламның үсті шаң болады деп, көршісінің баласына үйдің айналасын

сыпырып бер» деп өтініш айтады. Бұл – үлкен қателік. Бала неғұрлым еңбек түріне бейімделсе, өмірге де бейімделеді.

Көшедегі кейбір аяқ су ағатын арықтардың шөптен тазаланбай тұрғанын көргенімде, аталарымыздың каналды кетпен, күрекпен қазып, елге су жеткізгені есіме түседі.

Қазақ атамыз «Баланы 5 жасқа дейін аялап бақ, 5 жастан 15 жасқа дейін құлындай жұмса, 15 жастан бастап құрдасыңдай сырлас» деп баланы тәрбиелеудің қағидасын ұрпақтан ұрпаққа аманаттап кеткен жоқпа?

«Құлындай жұмса»,

«Қызға қырық үйден тыйым» деген сөздерден үрқудің қажеті жоқ. Баланы ерте еңбекке тәрбиелесең, үлкендердің айтқанын істеуге, үлкендісыйлауға ерте бейімделеді.

Балалар көп пайдаланатын телефонның пайдасы да, кесепаты да бар екен. Қызылорда қаласынан келген психолог маманның айтуынша, телефонды адам жасына қарай мөлшерлі уақыт пайдалануға болады екен. Егер мөлшерлі уақыттан артық телефон пайдаланса, радиация, яғни зиянды сәулесі денсаулыққа зиян екен.

Бейбіткүл АРЫСТАНҚЫЗЫ, Қазалы қаласы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.